

## «Жас Қыранға» жалынды сәлем!

-Құрметті «Жас Қырандық» достар! Біз сіздердің оқуда озат, еңбекте алғыр екендеріңді көре жүріп бос уақыттарыңызда мектепшілік басылым беттеріндегі өздеріңізге арналған арнайы айдарымызды үзбей оқуға, өз керектеріңізге жаратуға шақырамыз. Бүгінгі айдарымызда «Қызықты жаттығулар» топтамасын сынып болып бірлесе орындауға шақырамыз.

### 1. Неше асық болу керек?

Димаштың 13 асығы, Ілиястың 19 асығы бар. Екеуінде бірдей асық болу үшін Ілияс неше асығын беру керек?

### 2. Теңдеуді шеш

$7x - 3y = 11$ , мұнда  $x$  және  $y$  бүтін сандар және  $y$  30 бен 40-тың аралығында.

### 3. Неше сарбаз?

Парад кезінде командир 500-ден аспайтын сарбазды сапқа тұрғызу керек еді. Ол үш қатардан, төрт қатардан, бес қатардан, алты қатардан тұрғызып көрді. Әрқашан бір сарбаз артық болып отырды. Жеті қатардан тұрғызғанда қатарлар түзелді. Парадқа неше сарбаз қатысты?

### 4. Сөз ішіндегі сөз

Мына тізбекте қандай сөздер жасырылған? Арасынан бір санды тап!  
**КӨҢІЛЕКІРІМШІК**

### 5. Қасқыр, ешкі және қырықбуын

Шаруа өзеннен қасқыр, ешкі және шөпті алып өтуі керек. Қайыққа шаруаның өзі мінеді. Одан соң не қасқырды, не ешкіні, не шөпті алуына болады. Егер шаруа жағаға ешкі мен қасқырды қалдырып, шөпті алып кетсе, қасқыр ешкіні жеп қояды. Ал егер қасқырды алып кетсе, ешкі шөпті жеп қояды. Шаруа жүгін өзеннен қалай аман-сау алып өтеді?

### Қоңырауда күлейік

Әли сабақтан келе сала, сөмкесін лақтырып жіберді. Мұны көрген анасы:

- Балам, не болды? - деді.
- Сабақтан еш нәрсе түсіне алмадым, - деді.
- Неге?
- Кеше апай төртке бес қоссаң, тоғыз болады деген еді. Ал бүгін алтыға үш қоссаң тоғыз болады дейді

\*\*\*

Әли дүкенге келді.

- Апай, бес теңгелік сағыз бар ма?
- Бар.
- Қаншадан?...

\*\*\*

Күздің соңғы айларында қу түлкі жылы тамақ жеуді ойлап ауыл шетіне жақындап жаңа қонақтап жатқан тауық дауысын естиді. Бабын тауып дәу қоразды тістеп қаша жөнеледі. Қоразда бар дауысымен «ки-ка-ре-ку» деп айқай салады. Бұл дауыстан ауыл иттері дүрсе қуа жөнеледі. Жаны қысылған қу түлкім қоразды тастай қашады. Сөйтіп қораз жан айқайының арқасында аман қалыпты.


## Шаңырақ сағаттары

ЖББ Амангелді орта «мектеп- бөбекжай бақша» кешенінде сынып жетекшілері арасында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының жұмысын ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасу мақсатында «Үздік шаңырақ -2020» байқауы өткізіліп, үздіктер анықталды. Бұл байқаудың жеңімпазы «ҚАЗЫНА» шаңырағы атанды. Сонымен қатар, «ДОСТЫҚ» шаңырағы «Еңбелсенді шаңырақ», «БОЛАШАҚ» шаңырағы «Ең креативті шаңырақ», «БӘЙТЕРЕК» шаңырағы «Шығармашыл шаңырақ», «ҚЫРАН» шаңырағы «Татулық шаңырағы» номинацияларын иеленді.

Оқушылар арасында командалық жұмысты, камқорлық пен сыйластық, достық пен татулық құндылықтарын дамыту және көшбасшылық қасиеттерін шыңдауда тынымсыз еңбек етіп жүрген шаңырақ жетекшілері Нұфтеннова Қ.С., Щурихина Ж.Х., Ергалиева А.А., Есламғалиева Ұ.Н., Козыбаева Н.М., Шайхиева С.Ғ., Утепова А.А., Суйналиева А.К., Амангельдиева А.Т., Мухамбетжанова А.Т. -ларға үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

Шеберлікті шыңдауда шығармашылық жұмыстар, креативті идеялар туындай берсін! Командалық жұмысымыз нәтижелі болсын!

*Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Владимирова Ж.В.*





# Шамшырақ

"Қыста құстарды тамақтандыру"

экологиялық акциясына белсенді қатысқан оқушылар

Ж  
а  
р  
а  
й  
с  
ы  
ң  
д  
а  
р!



№2.26.02.2020ж

## Шабыт шалқарында

### Абай атама!

Абайға арнадым мен бұл өленді,  
Дара, дана ақынғой ол көрнекті.  
Толыптығой 175 жыл Абайға,  
Қара сөздер, күй, поэмасы бар еді.

Абайды «Адам бол» деген сөзінен байқадым,  
Әдебиеттің негізін қалаушы деп айтамын,  
Адамдарды білімге, еңбек етуге шақырған  
Абайға тең келер, ақын жоқ екенін айтамын.

**8 сынып оқушысы Шарипова Гүлдина**

### Менің өнерім

Би билеймін ырғалып,  
Саусағымнан бал тамып.  
Өнерімді сүйемін,  
Болашағым деп білемін.  
Тағы да бір өнерім,  
Қолөнерді игердім.  
Еңбегіммен әрқашан.  
Нанымды тауып жүремін.

**3 сынып оқушысы Бақтыгереева Айкөркем**

### «Апатайым, анашым!»

Жанашырсың қамқоршымсың,  
Ең аяулы адамсың.  
Мені сүйетін, жақсы көретін,  
Ең мейірімді анасың.

Уайымда да бірге болатын,  
Қорқынышта да қасымда  
Ең аяулы  
Ең сүйкімді  
Ең керемет анамсың!!!

**4 а сынып оқушысы  
Медекенова Айнаш**

### Дос

Менің досым Бекзат,  
Көңілді және қамқоршы.  
Доп тебеді, күреседі,  
Бәрі қолынан келеді.

Достықты сыйлап келеміз,  
Тату болып жүреміз.  
Бірге ойнап достармен,  
Бақытты өмір сүреміз!

**4 а сынып оқушысы  
Мақім Жәдігер**

### Мәңгілік ел

Мәңгі елім бар менің  
Ұмытылмас ешқашан,  
Мәңгі жерім бар менің  
Көк байрағы асқақтай  
Рухы асқан мәңгілік ел  
Желбіреген мәңгілік ел,  
Мен бақытты баламын,  
Мәңгілік елде тұрамын.

**3 а сынып оқушысы  
Ахиярова Жанайым**

### Ана

Ана күнсіз, аспанда жарқыраған,  
Ана-өзен, тау суы сарқыраған,  
Ана, сіздер-жар, сіздер қыздар,  
Ана-жанбыр, ақ нөсер сарқыраған.

**4 а сынып оқушысы  
Медекенова Зулфия**

### Ауылым

Амангелді ауылында  
Сай бар бір тамаша,  
Алмадай беті қызарып,  
Ойнайды балалар түн батқанша.

**4 а сынып оқушысы  
Мендәлі Әмірхан**

### Мәңгілік елім

Мәңгілік елім менің,  
Туған жерім менің  
Ыстық қой әрқашанд,  
Өзенің, көлің сенің.

Еліңді сағынғанда,  
Жыр жазам саған ғана.  
Әр қашан құрметтеймін,  
Қадірлеп сені ғана.

**3 сынып оқушысы  
Серік Жансая**

### Ана

Аяулы қамқор анашым,  
Ақ сүт бердің сен маған.  
Жайнап жүріп, күліп жүр,  
Мейірімді төгіп жүр.

**4 а сынып оқушысы  
Мухамбетжанова Айым**

### Мәңгілік ел

Мәңгілік елім менің,  
Әдемі елім менің.  
Құстар ұшып барады,  
Әдемі боп барады.  
Әдемі жерім менің,  
Әдемі аппақ қысым менің,  
Әдемі жап-жасыл жазым менің,  
Әп-әдемі күзім менің,  
Әдемі-әдемі көктемім менің,  
Мәңгілік елім менің!

**3 сынып оқушысы  
Тлепбергенова Көркем**

### Табиғат

Табиғат деген жан дүниенің бағасы,  
Табиғат деген бүкіл әлем данасы.  
Табиғат деген бүкіл адамның бақыты,  
Табиғат деген жер ананың табысы.

**4 а сынып оқушысы Утепова Әдемі**



## Ауғанның асуында от кешкендер...

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 31 жылдығына орай 12 ақпан күні мектебімізде АӘД пәні мұғалімі Аманжол Рамазанович пен мектеп тәлімгері Эльмира Мухиденовна ауған соғысында от кешіп құрбан болған боздақтардың есімін ұлықтап, от жалынды өткерген ардагерлерімізді ардақтау, жастар санасына патриоттық рухты жаңғырту мақсатында «Ауғанның асуында от кешкендер» атты кездесу кешін ұйымдастырды.

Кездесу кешіне ауылымыздағы ауған соғысы ардагерлері Тулеушов Н.Д., Медекенов Н.Р., әскери борышын өтеп келген мектеп түлегі Саркенов А.Д. шақырылды және мектеп мұғалімдері мен оқушылар қатысты.

Кеште ауған соғысында қаза тапқандарды 1 минуттық үнсіздікпен еске алып, «Ауған соғысы: тарих, шындық, тағылым» атты деректі фильм көрсетілді. Іс-шара барысында сөз кезегін алған мектеп директоры Айман Нургалиевна ауған соғысы тарихына тоқталды.

Ауған соғысының ардагерлері Тулеушов Н.Д., Медекенов Н.Р. оқушыларды патриоттық тәрбиеге шақырып, көзбен көрген оқиғаларынан қысқаша баяндай отырып, өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан кездерін еске алып, жастарға – біз көрген соғысты, қиындықты көрмеңіздер, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын – деп, өз тілектерін жеткізді.

Және оқушылар тарапынан қойылған сауалдарға да тебіреніспен жауап берді. Әңгіме сұхбат жүрді.

Мектептің өнерлі оқушыларының шағын концерттік бағдарламасы көрсетілді.

Кеш соңында «Ауған ақиқаты» атты кітап көрмесіне кітапхана қызметкері Искалиева Г.С. библиографиялық шолу жасады. Бақытбек Смағұлдың «Тағдыр тозағы», «Қолбасшы күнделігі», «Қаһарман» кітабынан үзінділер айтылып, «Ауғанның от жалыны» атты кітабынан өлеңдер оқыды.

*10 сынып оқушысы Ергалиева Әдемі*



# Шамшырақ

## Оқушыларымыз жарады



Мектебіміз үшін биылғы жыл жақсы жетістіктермен басталды. Оқушыларымыз өнерден, спорттан жүлделі орындарды иеленіп, мектеп мәртебесін көтерді.

### Аудандық байқау жеңімпаздары:

#### Спорт түрі «Көп сайыс»

1. Шарипова К. - 3 орын
2. Самитина Т. - 2 орын

#### Спорт түрі «Шахмат»

1. Кенесов Н. - 3 орын

#### Спорт түрі «Ақшақар»

1. Жалпы команда - 3 орын

#### Спорт түрі «Қол күресі»

1. Бегалиев А. - 1 орын
2. Изгалиев Т. - 1 орын
3. Серіков Ш. - 3 орын
4. Медекенова М. - 1 орын
5. Талапова Л. - 3 орын

#### Спорт түрі «Шаңғы»

1. Мұқанбетжанова Н. - 1 орын
2. Кенесов Н. - 3 орын
3. Шарипова К. - 3 орын
4. Талапқали А. - 2 орын
5. Сержанов Е. - 1 орын
6. Утепова Ә. - 2 орын

#### Оринтир бағыттаушы

1. Менхат Ж. - 2 орын
2. Есенгелді М. - 2 орын

#### Қыздар арасында баскетбол

3. Командалық - 2 орын

#### Мәнерлеп оқу «Қадыр оқулары»

4. Серіков Ш. - 1 орын

#### Мәнерлеп оқу «Сөз шеберлері»

1. Укасов А. - 3 орын

#### Өзін-өзі тану пәні бойынша олимпиада

1. Иргалиев Д. - 1 орын

#### «Intel-junior-2020» олимпиада

1. Мақим Ж. - 1 орын

#### «Сәтті селфи» байқауы

1. Кажимова М. - 1 орын

#### Облыстық байқау жеңімпаздары:

#### Спорт түрі «Қол күрес»

1. Ұзақов Алан. - 1 орын

Алдағы уақытта да толағай жетістіктер күтеміз. Сәттілік!

Өз тілішімізден



№2 26.02.2020ж





## Өзін-өзі тану онкүндігі

2-12 ақпан аралығында «Өзін-өзі тану: Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» тақырыбында дәстүрлі онкүндік жоспарлары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

2 ақпан күні онкүндіктің салтанатты ашылу саптық жиыны қазақтың күйі ойналып, бишілер би билеп, серпіліспен ашылды. Жүргізуші Жамбыл Қуанышұлы Айман Нургалиевнаға сөз беріп «Өзін-өзі тану: Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» онкүндігінің ашылуы мен барысын туралы мәлімдеді. Өзін өзі тану пәнінің мұғалімі Карлығаш Сагингалиевна Сара Алпысқызының өнегелі жолдары баяндалып, ән айтылып, оқушыларға онкүндік жоспары таныстырылды.

3 ақпан күні мектебіміздің кітапханашысы Бисенгалиева Гульмира Еркиновнаның ұйымдастырып, Өзін-өзі тану адамгершілік рухани бағдарламасының авторы С.А. Назарбаева қызметі туралы, оның ішінде автордың жазған кітаптары мен қазақстандық және әлемдік ойшылдардың, педагог-гуманистердің шығармаларынан «Мейірім төгетін ана» тақырыбында көрмені оқушыларға таныстырды. Оқушылар Сара Алпысқызының «Өмірі әдебі» кітабы туралы көптеген мағлұмат алып, қазынамен көзімен ұшырасты.

4 ақпан күні «Алтын жүректі анамыз» атты С.А. Назарбаеваның туған күніне орай өткізілетін мәнерлеп оқу байқауы өтті.

5-ақпан күні «Әлем балалар көзімен» тақырыбында сурет және қолөнер көрмесі өткізілсе, 6-ақпан күні «Шын жүректен алғыс айту» күні деп жарияланып, оқушылар ұстаздары мен достарына алғыс хаттарды жәшікке салу арқылы, бір-біріне көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

6 ақпан күні «Өзін-өзі тану: махаббат пен шығармашылық педагогикасы» онкүндігі аясында "Қайырымдылық - жер бетінде!" атты флешмоб өткізілді. Мақсаты: жақсылыққа - қайырымдылықпен, мейірімділікке - ізгілікпен, достыққа - адалдықпен жауап беру керек. Қайырымдылық - адамның асыл қасиеттерінің бірі. Адам өз ұрпақтарына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерді баулуға үйретеді.

7 ақпан күні Болашақты жасайтын ертеңгі азаматтар - бүгінгі жас ұрпақ, оларды тәрбиелеу мақсатымен «Патриоттық, адамгершілік, қайырымдылық» тақырыбында пікіралмасу-дебат өткізілді. Шараға 8 - 9 -10 сынып оқушылары қатысты.

10 ақпан күні Қайырымдылық жәрмеңкесіне ата аналар мен оқушылар белсенді ат салысты. Ауыл тұрғындары келіп, сауданы қыздырып, ата аналарға ризашылықтарын білдірді. Әр сыныптан 2 ата анадан шығып, әкелген өнімдерді сатып, уақыттар мен көмектерін аямады.

12 ақпан күні «Сүйіспеншілік - өмір негізі», «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасының авторы С.А.Назарбаеваның өмірі мен қызметіне арналған 1-11-сыныптар үшін жалпы республикалық ашық сабақтар көрініс тапты.

*География пәнінің мұғалімі Нуфтенowa Қ.С.*





# Шамшырақ

№2 26.02.2020

«Жас Ұлан» балалар ұйымының шығармашылығынан

## Жеңіс хаты

**Қымбатты нағашым Сариев Есболсын ата!**

Мен Сіздің жиеніңіз Владимирова Жадраның ұлы Мақім Жәдігермін. Сіз мені танымайсыз, бірақ мен Сізбен мақтанамын. Менің тамырымда әкем Максимов Дастанның қанымен бірге Сіздің де қаныңыз бар екеніне қуанамын. Сізді танығаным, сіздің еңбегіңізді, ерлігіңізді білгеніме анашыма рақмет айтамын!

Сіздің есіміңіздің өзі артынан «ес» болып қалсын деген мағынаны білдіреді. Өзіңіз болмасаңыз да Сіздің есіміңіз менің және апатайларымның жүрегінде сақталып қалады.

«Жеңіс хатын» жазу үшін көп ойландым, анамның Сіз туралы айтқан, жүрегіме із қалдырған әңгімелерін есіме түсірдім.

Сонау 1942 жылы Воронеж қаласында қанды шайқасқа қатысып, барлау кезінде жау тылына барып «тіл» әкеліп, әскери тапсырманы орындағаныңыз мен үшін үлгі. Кейін шабуылға шығып, жарылған снаряд тиіп қолыңызға жарақат алып госпитальға түскеніңізді біліп, аядым және аман қалғаныңызға қуандым. Себебі Сіз болмасаңыз, мен де болмас едім. Анам маған әрқашан Сіздің ерлігіңізді айтып қызықтырады. Жаралы қолыңызбен 82-ші миллиметрлік миномет командирі болып, тапсырма орындау кезінде жау мергенінің оғынан аяғыңыз жараланғанын және сау аяғыңыздың үстіне жаралы, қансырап жатырған аяғыңызды салып, еңбектеп келе жатырғанда талып қалып, бірақ меірбикелердің көмегімен тұтқынға түспей, аман қалғаныңыз мені таң қалдырды. Қандай қайсар, қайратты, қаһарман адамсыз!

Мен үшін Сіз Батырсыз!

Ең қызығы және есте қалғаны Сіздің 1942 жылы марапатталған «Қызыл жұлдыз» орденіңіз 40 жылдан соң Ленинград архивінде табылып, табыс етілгені. Қандай шыдамды, қарапайым атасыз! Соншама жыл бойы өзіңіздің орденіңізді іздемей, шыдамдылық танытып, ерлігіңізді мақтанбай өмір сүрдіңіз. Сіздің 1943 жылдың соңына қарай елге Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі ретінде елге оралып, ауылда еңбек еткеніңізді білдім. Зейнет жасыңызға дейін селолық советтің секретарі, аудандық статистика қызметкері, кітапханашы, қолхоз партия ұйымының секретары, зоотехник, бөлімше басқарушы, селолық советтің председателі болғансыз. Қаншама жұмыс жасағансыз, көп адамдардың рақметін алғансыз.

Анашым сақтап жүрген құжаттарының арасынан 1988 жылғы 5 сәуірде шыққан «Жаңарған өңір» газетінің қиындысын көрсетті. Сарғайып кеткен парақта тілші Өмірзақ Ақбасов Сізбен кездескенін естелік ретінде жазған және 1982 жылы табысталған «Қызыл жұлдыз» ордені туралы айтқан екен. Осыны оқып, менің көзіме жас келді. Анамды құшақтап отырып, нағашым сияқты Мен де еліме адал боламын, жақсылық жасаймын, қорғаймын, нағыз жігіт боламын дедім.

Қымбатты менің нағашым Есболсын Ата! Мен қазір Тасқала ауданының Амангелді ауылында әкем, анам және екі апатайым Дильназ, Диллярамен тұрамын. Сіз бұл жерді көрген жоқсыз өйткені зиратыңыз Жаңақалада. Менің ауылымда да Сіз сияқты соғысқа қатысқан батырлар болған. Мен оларды құрметтеймін. Жеңіс күні барлығымыз «Даңқ аллеясына» барып гүл шоқтарын қоямыз, оларға арнап өлеңдер оқып, ән шырқаймыз. Сенбілік болғанда саябақты тазартуға қатысамыз.

Ата қазір біздің Қазақстанда бәрі жақсы, тыныш. Біздің көк туымыз бар.

Құрметті нағашым, Есболсын Атам! Мен Сіз жеткізген Жеңіс туын биікте ұстаймын! Бейбітшілікті сақтаймын! Сіздің атыңызға кір келтірмеймін!

Хатымды аяқтай келе, Сізге мен қатты риза екенімді айтамын. Сіздің «Қызыл жұлдыз» орденіңізді Бексұлтан немереңізбен бірге тағып қарадым.

**Сізді әрқашан құрметпен еске алатын жиеніңіз Жәдігер**